

«SPSS-тегі деректерді статистикалық талдау» бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру қызметінің техникалық сипаттамасы

(Лот 2)

2 адамға 72 академиялық сағат. Статистикалық бағдарлама: IBM SPSS статистикасы.

Курс бағдарламасы:

- SPSS негіздері және деректерді өңдеу;
- сипаттамалық статистика және нәтижелерді визуализациялау;
- статистикалық гипотезаларды тексеру, корреляциялық және регрессиялық талдау;
- дисперсиялық талдау (ANOVA);
- өлшемді талдау әдістері (факторлық, кластерлік, компоненттік талдау);
- құрылымдық теңдеулерді модельдеу (SEM) және нәтижелерді түсіндіру.

Курсты өткізу тілі: орыс, қазақ.

Курс оқытушысына қойылатын талаптар: экономика немесе сабақтас әлеуметтік-экономикалық ғылымдар саласында ғылыми дәрежесінің болуы, сондай-ақ SPSS бағдарламалық құралдарын немесе ұқсас жүйелерді пайдалана отырып, ғылыми зерттеулер мен деректерді статистикалық талдауды жүргізу тәжірибесі.

Әлеуетті жеткізушілер Университеттің сатып алуды ұйымдастыру жөніндегі құрылымдық бөліміне қағаз түрінде келесі құжаттарды ұсынуға міндетті, олар өздерінің тиісті қызметтер мен жұмыстарды көрсету құқығы мен мүмкіндігін растайды (бірақ тек олармен шектелмейді):

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатып алынатын қызметтер мен жұмыстар түрлеріне қажетті куәліктердің/лицензиялардың және өзге де рұқсат беру құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- әлеуетті жеткізуші персоналының біліктілігін растайтын ресми құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері (тиісті немесе талап етілетін білімі бар екендігін растайтын дипломдар, сертификаттар, оқудан және біліктілікті арттырудан өткені туралы куәліктер, куәліктер және т.б.);
- әлеуетті жеткізушінің сатып алынатын қызметтер мен жұмыстарды көрсету тәжірибесін растайтын және куәландыратын құжаттардың көшірмелері (шарттардың, орындалған жұмыстар актілерінің көшірмелері);
- әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы мен мөрмен куәландырылған түрде;
- әлеуетті жеткізушінің мемлекеттік кірістер органдары алдындағы салықтар мен бюджетке міндетті өзге де төлемдер бойынша берешегінің жоқтығы туралы бірінші данадағы анықтама;
- әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы мен мөрмен куәландырылған, әлеуетті жеткізушінің баланстық активтерін растайтын құжаттар, бұл құжаттар тиісті конкурста қатысуға өтінім жіберілген күннен бастап қолданыста болуы тиіс;
- әлеуетті жеткізушінің өндірістік базасының (өндірістік ғимараттар, цехтар, зертханалар, алаңдар, жабдықтар және т.б.) бар екендігін растайтын құжаттардың әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы мен мөрмен куәландырылған көшірмелері.

Басқарма төрағасы – ректор

Рахметуллина С.Ж.

Басқарма мүшесі- ғылым және инновация жөніндегі проректор

Конурбаева Ж.Т.

Бағдарлама жетекшісі

Саденова А.М.

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Өскемен қаласына дейінгі DDP шарттары (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген.

Төлем шарттары: Жеткізгеннен кейін.

Жеткізу уақыты: Келісім-шартқа қол қойылған күннен 20.12.2025 жылға дейін.